

искусства Mural Fest. С каждым годом с помощью талантливых художников из разных стран серые городские типовые здания становятся краше. Количество стран-участников фестиваля растет: если в первый, 2016-й, год в Алматы приехали художники из Кыргызстана, Украины и России, а в 2017-м, кроме представителей этих стран приехал британский мастер, то в этом году раскрашивать наши серые стены прилетели гости еще из Сербии и Малайзии. Участники фестиваля украсили 20 жилых домов.

Сегодня художники стрит-арта рисуют по заказу акимата, а горожане искренне гордятся тем, что с каждым годом интересных работ становится больше.

В нашем городе Костанай объекты стрит-арт расположены в Городском парке культуры и отдыха, на жилых домах по проспекту Абая и др.

Итак, понятие стрит-арт воспринимается по-разному: для одних - это искусство, для других - вандализм. Как форма искусства и средство выражения взглядов стрит-арт всеохватывающий и свободный от цензуры. Это своего рода диалог автора с обществом.

Подводя итог можно утверждать, что стрит-арт является культурным феноменом, встречающийся в форме вандализма или как направление современного изобразительного искусства. Поэтому стрит-арт является искусством, если служит для достижения благородных целей, в противном случае - это вандализм.

Список литературы

1. Поносов И. Искусство и город. Граффити, уличное искусство, активизм. – М.: Юрайт, 2016. – 208 с.
2. Реми Раф. Стрит-арт. За свободным искусством по миру (перевод Мария Крузе). – М.: Эксмо, 2017. – 224 с.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА МУЗЫКА САБАҒЫНДА КӨПТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ

Қыпшақпаева А., «Музыкалық білім» мамандығының 3 курс студенті,
Жетекшісі: **Айсина С.Т.** Өнер кафедрасының аға оқытушысы,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Еліміздің қоғамдық-саяси және экономикалық өміріндегі жаһандық өзгерістер білім беру жүйесінде жаңа музыкалық маңызды бағдарларды туындатты. Бүгінгі таңда білімдік қызмет көрсету нарығына көп ұлтты және көп мәдени ортада белсенді және тиімді әрекеттесуге қабілетті, басқа мәдениеттерді сыйлайтын, түсіну қабілеті дамыған жоғары сапалы мамандар қажет болуда. Осыған байланысты, оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі білім беру мазмұнын көп мәдениетті мазмұнда кеңейту, болашақ мамандарға мәдениаралық өзара әрекеттесу үшін әлемдік мәдени мұраларды және шет тілдерін меңгеруге деген талаптарды жоғарылату болып отыр.

Жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесіне үш тілде білім беруді енгізу – алға қойған міндеттерді жүзеге асырудың сөзсіз маңызды қадамы болмақ. Үш тілде білім алу және оны шын мәнінде меңгеру білім алушыларға түрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүрінен хабардар болуына ықпал етеді. Көпэтносты Қазақстан үшін көптілді білім – бұл оқытудың мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған, шамаланған үштұғырлы процесі. «Қазақстан әлемде тұрғындары үш тілді қатар қолданатын, яғни қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – халықаралық тіл ретінде, ағылшын тілі – әлемдік экономиканың жетістікті интеграциясы ретінде, жоғары білімді елдер қатарында қабылдануы тиіс», – дейді Елбасы Н.Ә. Назарбаев.

Көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалған жоқ.

Өйткені, мәдениет мен тілдердің сан алуандығы – бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. Яғни, еліміздегі кез-келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын ерікті түрде таңдай алады. Қоғамымызда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр, оны Қазақстан халықтарының Ассамблеясынан көруге болады.

Білім беру жүйесінің түпкілікті модернизациялану үрдісінде шетел тілдері де алдыңғы қатарлы рөл атқарады [1;с.12]. Үштілді білім беруге ұмтылу Еуропалық кеңес елдер тенденцияларына толыққанды сәйкес келеді.

Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу - әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны - аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе. Мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын, қазақ тілінен маман болып шыққан қазақ тілді қазақ және басқа ұлт өкілдерін үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы деген құжат табыс еткен жөн.

Ғылыми әдебиетте «көптілді білім беру - бұл білім беру мекемелерінде оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқыту» деген ұғым қалыптасқан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына жүгінсек, бүгінгі түлек – көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі дамыған, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейін меңгерген, қазақ елінің және жалпықазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға.

«Көптілділік» кез келген тұлғаның қалыптасуына және болашақта Қазақстан Республикасының жан – жақты дамуына әсер етуі үшін қажетті құралдардың бірі, сонымен қатар, «модернизациялану», «жаһандану» үрдістерін қабылдаудың бірден-бір құралы болып табылады.

Білім беру мекемелерінің сан түрлілігі жағдайында яғни білім беру жүйесінің құрамдастарының вариативтілігінің жағдайында, үздіксіздігі жағдайында ол біртұтастылығымен ерекшеленеді [2;с.58]. Білім беру, сондай-ақ, өзін өзі тануға, өз мүмкіншіліктерін жете білуге, сандық және сапалық тұрғыдан байып отыруға, өзгерістерге жедел үн қатуға ашық жүйе. Білім беру үшін қызмет көрсетудегі өзгерістерге ол әрқашан ашық және дифференциалды болуға ұмтылады. Білім беру жүйесі өзінің сан түрлі мекемелерін адамға таңбайды, яғни оның білім алудағы таңдау еркіндігін шектемейді, керісінше адам жеке білімдік өсу траекториясын өзінің қажеттіліктері мен қабілеттеріне сай саналы түрде таңдайтын болады. Бұның бәрі, түптеп келгенде, қазіргі білім берудің гумандық, тұлғаға бағдарланушылық бағыттылығын күшейтіп бейнелей түседі.

Көптілді білім беруді дамыту бөлімінің міндеттеріне мыналар жатады:

- көптілді маман дайындаудың әдістемелік, мазмұндық, технологиялық және ресурстық (материалдық-техникалық, мамандар құрамы, ғылыми, оқу-әдістемелік) негіздерін жаңарту және дамыту;

- көптілді білім беруде пәндерді шет тілінде жүргізетін оқытушы-профессорларды қайта даярлау, біліктілігін көтеруін жүйелі жүргізу;

- білімгердің жеке тұлғасының интеллектуалдық, рухани, адамгершілік дамуы және музыкатенуіне ықпал ететін оқу-тәрбиелік шаралар кешенін ұйымдастыру;

- көптілді білім беретін педагогтар еңбегін қолдау мен ынталандыруды арттыру;

- көптілді білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру.

Дамудың жаңаша биігіне көтерілген қазақстандық қоғамда білім адамдық іс-әрекеттің маңызды саласына айналды. Кез-келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі ұлттың зияткерлік

әлеуетінің қалыптасуымен, қоғамдағы мәдени, рухани-адамгершілік тәрбие деңгейімен анықталады. Мәдениеттің жоғары деңгейін меңгерген, жан-жақты білімді маманды дайындау – заманауи білімнің басты мәселесіне айналып отыр. Қазақстандағы тілдік жағдай – көп ұлттылықта, сан ғасырлық тарихта ұлттар мен ұлыстар мәдениетінің етене араласуы, уақыт талабы заманауи жағдайда көп мәдениетті және көп тілді тұлғаны қалыптастыруда негізгі әдістемелік қағидалар мен тәсілдердің әзірленуі қажеттілігін міндеттеп отыр.

Сол себепті, қазіргі білім беруге қойылатын басты талап – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазірдегі өзекті мәселелерінің бірі. Елбасымыз Н.Назарбаевтың пікірінше, «Қазақстан өзінің көп ұлттылығымен бірегей және мықты. Бұл жерде теңдессіз көп мәдениетті кеңістік қалыптасқан, оның екеуі жетекші болып табылады. Бірі қазақ мәдениетінің және оның құрамдас бөліктерінің, тілінің қайта жаңғыруын көрсетуде. Жоғалтқанымызды тауып, оны қалпына қайта келтірудің объективті процесі жүріп жатыр. Екіншісі, орыс мәдениеті, онда орыс халқының ежелден келе жатқан дәстүрлері мен көп ғасырлық дамуы барысында қалыптасқан мәдениеті. Өз дербестілігімен қолданыста өмір сүріп жатқан мәдени ағымдарды мойындау, олардың өзара толығуын және өзара байып жатқандығына ешкім теріске шығара алмайды, әрине, бұл сіңісіп кету дегенді білдірмейді.

Қазіргі таңда көп тілді білім беру көп мәдениетті тұлға қалыптастыру негізіне айналуға. «Көп тілділік» және «көп мәдениетті тұлға» секілді өзара байланысқан түсініктердің студенттердің әлемді жан-жақты тануына, бұған қоса, толеранттылық мақсаттарының қалыптасуына мүмкіндік туғызатын академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ететін жаңаша білім берудің негізіне айналып отырғаны да тегіннен тегін емес. Қазақстанда жүргізіліп жатқан тіл саясаты жөніндегі құжаттардың барлығында дерлік негізгі бағдар бірнеше тілді меңгеру қажеттілігі айтылады. Біз мәдениеттер мен діндердің қатар өмір сүруі жағдайында өмір сүріп үйренуіміз керек. Біз мәдениеттер мен өркениеттер диалогына бейімді болуға тиіспіз. Тек басқа ұлттармен жарастықта ғана біздің еліміз болашақта табыспен ықпалға қол жеткізе алады. XXI ғасырда Қазақстан өзінің өңірлік көшбасшылық ұстанымын нығайтып, Шығыс пен Батыстың үндестігі мен өзара іс-қимылы үшін көпір болуға тиіс».

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы әрі жарқын болуына ықпал ететін адамзатты алға жетелер құдіретті күш – бұл білім. Кімнің болмасын өсіп-жетілуі, дүрбелең дүниеде өзіндік орын алуы – өз елінің білім жүйесі мен оның дамуына тікелей байланысты. Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп, тіршілік ете білуді талап етеді.

Сондықтан тіл - мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай.

Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қортып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иелеп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері қақ. Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Бұл ұғымға жалпылама тоқталсақ көптілділік, белгілі бір музыкалік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Көптілділіктің үштілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, музыкалық, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Көптілді оқыту білім берудің қоршаған әлемде болып

жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа үлгісін құруды көздейді. Көптілдік адамның өзіне ғана емес, қазақстандық қоғамға пайда әкелуіне назар аударғанымыз қажет. Бұл орайда патриоттық тәрбиені күшейту мәселесі өзекті болып табылады. Өзге тілді үйреніп, басқа мәдениетті білумен қатар, жас ұрпақтың өз елінің құндылықтарын биік ұстауына бүгінгі мектептің жауаптылығы барынша күшті.

Көптілділік, яғни тілдердің үштұғырлығы туралы бастамашылдық Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ресми түрде мәлімделген екен. Бұның негізі - мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастыққа енуі мен адамзаттың өмірлік қажеттіліктері. Дамыған әлемдік тілдер ішінде ағылшын тілі ел мен халықтың коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін тіл ретінде таңдалды. Сонымен, әр білім беретін, балаларды тәрбиелейтін мекеменің басты міндеті - Қазақстанның жаңа азаматын тәрбиелеу болуы тиіс. Сондықтан кішкентай жасынан бастап, балабақшаға келген күндерінен бастап балалардың шетел және басқа тілдерге қызығушылықтарын арттырып, үштілділік арқылы тәрбиелеу керек. Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазір бес тіл болсын, он тіл болсын, жақсылап үйретсе, меңгеріп кетеді. Балаларды бір тілмен шектеу – дұрыс емес. Сол үшін, ең болмағанда, үштілділікті кішкентай жасынан бастап жетілдіруіміз керек. Сонда ғана балалар тілді табиғи түрде тез меңгереді. Қазіргі балаларға білім алуға барлық жағдай жасалынған. Олар бүгін жақсы оқыса, көптілді меңгерсе, келешекте Қазақстанымыздың өркениетті дамуына өз үлестерін қосады, дүниежүзін шарлайды.

Елбасымыздың үштілділік жоспарын іске асыру мақсатында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың ана тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуге баули отырып, еске сақтау, мінерлеп оқу, әдемі сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыруының мақсатына қойылып отыр. Үштілділік – қоғамды топтастыратын таңғажайып мүмкіндік. Елбасы «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз»-деп, осы мәселеге орай белсенді түрде іс жүргізу қажеттігін белгілеп берді. Сондай-ақ Ұлт көшбасшысы дарқан даламыздың ер ұрпағының ана тілі –қазақ тілінің мәртебесін бір сәт төмендеткен емес. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады!

Қорыта келе, көптілділікті жеке тұлға қылаптастырудың негізі ретінде қарастырып, зияткер тұлға қалыптастыруды заманауи халықаралық деңгейде білім беру кеңістігіне шығатын дара жолдың зерттеу нысаны есебінде санау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Өтемұратова Б.С. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақтың көркем мәдениетін пайдалануға музыка мұғалім дарін даярлау: автореферат. – Алматы, 2000 ж.
2. Музыка сабағында шығармашылық қабілетті дамыту// Бастауыш мектеп. - 2005 ж , №5. - 23 б. – 28 б.
3. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі музыканың рөлі// Бастауыш мектеп. - 2003 ж , № 11. - 18 б.

ҚҰРМАНҒАЗЫ КҮЙЛЕРІН МУЗЫКА САБАҒЫНДА ҮЙРЕНУ

Тойшан Б., «Музыкалық білім» мамандығының 3 курс студенті,
Жетекшісі: **Сапиева М.С.**, Өнер кафедрасы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.

Қай ғасырда болмасын қайтпас қайсар қазақ халқының дәстүрі, салты, ғұрпы ғазал